Әділет

# Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығын 2010 жылға дейін дамытудың стратегиясы туралы және ауыл шаруашылығын 2010 жылға дейін дамыту стратегиясын іске асыру жөніндегі кеңейтілген шаралардың жоспары туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 22 желтоқсандағы N 1817. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.10.05. N 908 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 5 қазандағы N 908 Қаулысымен.

Экономиканың аграрлық секторындағы жағдайдың түбегейлі өзгеруіне байланысты ауыл шаруашылығын дамытудың көкейкесті міндеттерін шешуге бағытталған жалпы мемлекеттік стратегияның шеңберінде аграрлық саясатты жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығын 2010 жылға дейін дамытудың стратегиясы және Ауыл шаруашылығын 2010 жылға дейін дамыту стратегиясын іске асыру жөніндегі кеңейтілген шаралардың жоспары бекітілсін ( қоса беріліп отыр).

2. Министрліктер мен ведомстволардың басшылары Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығын 2010 жылға дейін дамытудың стратегиясын іске асыру жөніндегі кеңейтілген шаралардың жоспарында айқындалған заң және нормативтік актілерді уақтылы және сапалы әзірлеуді қамтамасыз етсін.

3. Мыналар:

ауыл шаруашылығын әлеуметтік-экономикалық дамытудың мақсатты бағдарламалары мен жыл сайынғы жоспарларын әзірлеу Ауыл шаруашылығын 2010 жылға дейін дамыту стратегиясына негізделеді;

Қазақстан Республикасының жауапты атқарушылары болып табылатын министрліктері мен ведомстволары, қоса атқарушылармен келісім бойынша, Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне, ал Агенттік - Қазақстан Республикасының Үкіметіне жылына екі рет Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығын 2010 жылға дейін дамыту стратегиясын іске асырудың кеңейтілген жоспарының орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуды қамтамасыз етеді;

қажет болған жағдайда, Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығын 2010 жылға дейін дамыту стратегиясын іске асыру жөніндегі

кеңейтілген жоспарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді деп белгіленсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.11.26. N 1184 қаулысымен .

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығын 2010 жылға дейін дамыту стратегиясын іске асыру жөніндегі кеңейтілген жоспарын орындау Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне, ал оған бақылау жасау - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне жүктелсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.11.26. N 1184 қаулысымен .

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1997 жылғы
22 желтоқсандағы
N 1817 қаулысына
1 қосымша

## Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығын 2010 жылға дейін дамыту стратегиясы

ЕСКЕРТУ. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.11.26. N 1184 қаулысымен .

## I. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығының қазіргі заманғы жай-күйі

Жай-күйі:

Рентабельділігі

Ауыл шаруашылығының өнімін сатудан рентабельділік деңгейі

| | Барлығы % | Оның ішінде | |
|---|---|---|---|
| | | өсімдік шаруашылығы | мал шаруашылығы |
| 1990 ж. | 46,0 | 105,4 | 18,9 |
| 1991 ж. | 40,2 | 87,8 | 24,9 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1992 ж. | 75,8 | 151,7 | -4,9 |
| 1993 ж. | -2,2 | 28,2 | -27,7 |
| 1994 ж. | -6,7 | 9,8 | -24,5 |
| 1995 ж. | -17,9 | -2,9 | -30,7 |
| 1996 ж. | -20,8 | -1,9 | -43,7 |

Алынған көзі: ҚР Ауылшармині, Экономмині

Қазақстанның ЖІӨ-дегі ауыл шаруашылығының үлесі (%)

1990 ж. 75% - 25%

1996 ж. 86% - 14%

Қазақстан Республикасы шаруашылықтарының барлық санаттарындағы ауыл шаруашылығы өнімінің негізгі түрлерінің өндірісі (мың тонна)

Қазақстан Республикасындағы шаруашылықтардың барлық санаттарындағы жануарлардың негізгі түрлерінің саны

(Диаграмманы қағаздағы нұсқадан қараңыз)

## Материалдық-техникалық қамтамасыз ету

* ауыл шаруашылығының ауыл шаруашылығы машиналарының негізгі түрлерімен қамтамасыз етілуі 65-70% құрайды;
* пайдалану мерзімі 5 және одан артық жылдағы машиналар мен жабдықтардың үлесі 93% жетті.

Топырақтың құнарлылығы

* егістіктің жартысы (16 млн. га) фосфор мен гумус құрамы төмен жерлерді құрайды;
* соңғы 7 жыл ішінде тыңайтқыштарды себудің көлемі: органикалығы 10-11 есе, минералдығы - 16-17 есе қысқарды.
* гумустың топырақты жыл сайынғы шығындалуы (1 га-ға тоннада) астық себуге 0,5-1, егістік себілімінде 1-3 құрайды;
* топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру үшін кемінде 5 жыл қажет.

**Ауыл шаруашылығы өндірісі технологияларының жаппай бұзылуы**

* ауыл шаруашылығы дақылдарының зиянкестерден, аурулар мен арам шөптерден өнімділігінің жоғалуы оның биологиялық мүмкіншіліктерінің 30% жетеді;

* ауыл шаруашылығы жануарларының жем-шөппен және мал дәрігерлік профилактикасымен қамтамасыз етілмеуінен қатардан шығуы өсе түседі.

Капиталды салудың ең тәуекелді аймағы

Өнімді өткізуге байланысты жағдайдың нашарлауы

Ауылдағы әлеуметтік жағдайдың нашарлауы:

- кедейшілік;
- жұмыссыздық;
- қылмыс;
- білім;
- денсаулық сақтау;
- экология;
- инфрақұрылым.

* ауыл тұрғынының санасындағы нарықтық жаңғыртулардың болмай қоймайтындығы жөніндегі психологиялық өзгеріс. Масылдық және патериналистік көңіл-күйлердің әлсіреуі;

* жеке меншікке деген оң қатынас беки түсуде;

* жеке меншік және нарықтық қатынастар нығайып, дами түсуде;

* ауыл енді инфляция көзі болып табылмайды;

* салада мемлекет иелігінен алу мен монополиясыздандыру жүзеге асырылды;

* жаңғыртулар мен дамудың заңдық негіздері қалыптасты;

* экспорт өсті;

* айқын жасалған мемлекеттік саясаттың болмауы. Мемлекеттік құрылымдар мен басқару жүйелерінің өзгеріп жатқан селодағы жағдайға бара-бар көңіл бөлмеуі;

* реформалардың зигзаг түрінде жүзеге асырылуы;

- 1992-1994 жылдары экономикалық реформалардың консервациялануы;
- 1994-1995 жылдары нарықтық жаңғыртулардың естен тандырыла жүргізілуі;
- 1996-1997 жылдары экономикалық жаңғыртулардың баяулауы;

* қаржы капиталының болмауы;

* экономиканың басқа салаларымен салыстырғанда меншік қатынастары алға жылжытылмады;

- АӨК-де нарықтық және тауар-ақша қатынастарының терең бюрократтық

және криминалдық бұрмалануы (N 1 сурет);

* ауыл тұрғындарының дәстүрлі консерватизмі мен ментальділігі. Ауылда әлеуметтік саясаттың бара-бар әлсіремеуі;

* ауыл тұрғындарының реформаларға әлсіз бейімделуі;

* сенімді өткізу рыноктарының болмауы;

* чиновниктердің сыбайлас жемқорлығы мен парақорлығы;

**Міндетті түрде республика ауыл шаруашылығы өндірісінде тауар-ақша қатынасының схемасы СХЕМА**

(Схеманы қағаздағы нұсқадан қараңыз)

## II. Мүмкіншіліктер мен қауіп-қатерлер.
## Күшті және әлсіз тұстары

Даму мүмкіншілігі

* Ірі өткізу рыноктары

* Жер шары халқының өсуі жылына 85-90 млн. адамды құрайды.

* 2005 жылға қарай әлемдік тұтыну:

- 37 млн. тонна бидайға;

- 37 млн. тонна жем-шөптік астыққа;

- 48 млн. тонна ақталған күрішке өседі.

* Астықпен әлемдік сауда жасаудың 80% дамушы елдердің үлесіне тиеді және астықты тұтынудың жыл сайынғы өсу қарқыны 2% құрайды;

* Бидайдың жалпы импортының 1/3-і халқының өсу деңгейі жоғары, оны өндірмейтін немесе айтарлықтай емес мөлшерде өндіретін елдерге тиесілі;

* Азияның дамыған елдері азық-түліктің әлемдік рыноктарын дамытудың қозғаушы факторлары болып табылады;

* Азия тарапынан импортқа деген қажеттілік астықтың әлемдік бағасын ұстап тұратын болады;

* Азия азық-түліктің елеулі диверсификацияланған рыногын ұсынады (астық, ет және оларды ұқсату өнімдері);

* ТМД елдерінің экономикалық өсуі мен халқының өсуінің күтілуі;

* Табиғи шикізаттан жасалған бұйымдар мен тауарларға деген қажеттіліктің өсуінің әлемдік тенденциялары;

* Ашық нарықтық саудаға және нарықтың қатынастарды реттеудегі мемлекеттің рөлін шектеуге көшу (рыноктардың ашықтығы, субсидиялардың және дотациялардың күшін жою, кеден реттеуін оңайлату).

## Астық рыногы

Азық-түлік рыноктарын дамытудағы жалпы тенденциялар Қазақстан үшін астықпен сауда жасауда қолайлы жағдайлар тудырады, бұл:

* Қытай, Пәкістан, Ауғанстан, Иран секілді жақын аумақтардың қажеттілігінің ұлғаюы;
* географиялық жағдайларға байланысты дәстүрлі өткізу рыноктарында ( ТМД-ның Азиялық және Кавказ республикаларында), ішінара Ресейде, Солтүстік Африка, Қиыр Шығыс және Оңтүстік Азия елдері импортының өсуінің есебінен орнығып қалуының мүмкіншілігі;
* астық ағынының әлемдік саудада Қиыр Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия жағына қарай өзгеруі мен жаңа көлік жолдарының ашылуы экспорттың бір бөлігін үлесіне астықтың әлемдік импортының 25% жуығы тиесілі Таяу Шығыс Азияға бағдарлануға мүмкіншілік береді;
* тамақтанудың диверсификациясы, экономикалық өсу және халықтың өсуі қатты және күшті бидай сорттарының, сондай-ақ олардың негізінде астықты өңдеу өнімдерінің астық рыноктарына қол жеткізуге жол ашады;
* Қазақстанның экспорттық астық рыногының мүмкін сыйымдылығы - жылына 20-25 млн. тонна астық дақылдарына деген әлемдік баға оларды Қазақстанда жоғары рентабельді өндіру үшін мейлінше жоғары;
* саланың өндірістік емес шығындарды төмендету жөнінде жеткілікті резервтері бар.

## Ет рыногы

* Қазақстан бұрынғы Кеңес Одағының елдеріне ет пен ет өнімдерін дәстүрлі берушi;
* ТМД Орта Азия республикалары халықтарының өсуі;
* етті Ислам дүниесі елдеріне, әсіресе Пәкістан, Иран, Түркия және араб елдеріне берудің перспективалары;
* Қытай - етті тұтынудың перспективті, әлеуетті шексіз рыногы.

## Жүн рыногы

* Европа рыногы - республиканың сапалы жүні үшін;
* Ресейде, Қырғызстанда және Украинада өндірістің жандануы;
* Қытайдың халқының өсуімен тұтынуының ұлғаюы;
* Таяу Шығыс және Орта Азия елдерінің (Пәкістан, Иран) елдерінде рыноктардың қалыптасуы.

## Тері шикізатының рыногы

* Қазақстанның тері шикізатындағы экспорт бойынша қажеттілігі 50-60% қанағаттандырылады;
* Түркия, Қытай және Ресей тараптарынан тұтыну рыноктарының ұлғаюы;
* Үлкен көлемдердегі жоғары сапалы тері шикізаты - Батыс Европаның қажеттілігіне.

## Мақта рыногы

* Мақтаның әлемдік запасы жақын маңайдағы 2-3 жылға жеткілікті;
* Әлемдік тұтынудың ұлғаюы табиғи жоғары сапалы шикізаттан жасалатын тауарларға деген қажеттілікке байланысты;
* Өткізу рыногы кейін оны 2010 жылға қарай 275-280 мың тоннаға дейін өсіре отырып 240-250 мың тонна мақта шикізатын өндіруді қамтамасыз етеді.
* ІРІ ЗАЙМДАР МЕН ТІКЕЛЕЙ ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР
* ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АЗЫҚ-ТҮЛІК ҰЙЫМДАРЫНЫҢ МҮДДЕЛІЛІГІ

## Даму қауіп-қатері

* Әлеуметтік азық-түлік рыноктарына көлік жолдарының болмауы;
* Бірқатар рыноктардың Қазақстан тауары үшін жабықтығы;
* Сауда қатынастарының реттелмеушілігі;
* Әлемдік рыноктардағы бәсекелестік пен тамыр-таныстық;
* Дәстүрлі рыноктардың төмен сатып алу қабілеті.

## КҮШТІ ТҰСТАРЫ
## АСА БАЙ ЖЕР РЕСУРСТАРЫ

Барлық ауыл шаруашылығы жерлері (млн.га)
(Суретті қағаздағы нұсқадан қараңыз)

| Топырақтың үлгісі | Қазақстан | Канада |
|---|---|---|
| Қара топырақты жерлер | - 35% | - 35% |
| Қызғылт топырақты жерлер | - 55% | - 60% |

Климаттық жағдайлар бойынша

Қазақстанның ауыл шаруашылығы шамамен Канадаға тең мәнді:

* егін шаруашылығы тәуекелді
* вегетациялық кезеңде жылумен қамтамасыз етілуі 2500-4500 градус
* жылдық жауын-шашынның мөлшері:

астық себуші аймақтарда 150-320 мм
тау етегіндегі және таулы аймақта 460-880 мм

Орташа жылдық өндіру. млн.тонна (1991-1996 жылдар)

| | Қазақстан | Канада |
|---|---|---|
| Бидай | 10,1 | 25-26 |
| Жемдік астық | 5,5 | 24-25 |

* Әлемдік деңгейдегі ғылыми-техникалық прогреске жету үшін ауыл шаруашылығы барлық ішкі салаларының жоғары сыйымдылығы;
* Арзан және білікті жұмыс күші;
* Өнімнің сапасы;
* Ірі сақтау орындары мен ұқсатушы кәсіпорындардың жеткілікті қуаттарының болуы;
* Дамыған ғылым;
* Туып келе жатқан жеке капитал.

## ӘЛСІЗ ТҰСТАРЫ

* Нарықтық жаңғыртулардың аяқталмағандығы;
* Тиімді мемлекеттік саясаттың болмауы;
* Саланың дамымаған материалдық-техникалық базасы;
* Чиновниктік (сыбайлас жемқорлық және қызмет бабын теріс пайдалану);
* Маркетингтік қамтамасыз ету;
* Жұмыс орындарымен қамтамасыз етілмегендігі;
* Өсімдіктер мен топырақты қорғау, ауыл шаруашылығы жануарларын сауықтыру, экологиялық жағдай;
* Сумен нашар қамтамасыз етілушілік және суландырудың жеткілікті емес дамыған жүйесі;
* Табиғи-климаттық жағдайлар.

## III. МАҚСАТТАРЫ

1. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімін 2010 жылға қарай 3-3,2 есе, оның ішінде:

* ішкі қажеттілік үшін 30-35%;
* экспортқа 65-70% өсіру;

Бұл ретте мынадай көрсеткіштерге қол жеткізілуі тиіс:

* астық өндіру көлемі - 25-27 млн.тонна;
* мүмкін тұқым себу алаңы - 16-17 млн.га;

* мүйізді ірі қара малының жоғары өнімді саны - 6,5-7,0 млн.бас;
* қой мен ешкінің саны - 22-25 млн.бас.

2. Ауыл тұрғындарының кедейлік деңгейін төмендету және әлеуметтік қорғалуын арттыру, салауатты өмір салтына жәрдемдесу.

Оның ішінде:

* ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыру;
* мүлікті пайдаланудан кіріс алатын оның меншік иелерінің жігін құру;
* кедейлікке қарсы күреспен:
- ХҚҰ әлеуметтік займының есебінен микрокредиттеу;
- ірі инженерлік факторлар өндірісін дамыту саласында жұмыс орындарын құру;
- басы артық жұмыс күшін аймақтық және құрылымдық қайта бөлу;
- шағын индустрия саласында жұмыс орындарын құру;
- ауылда коммуналдық және тұрмыстық қызмет көрсету салаларын қалпына келтіру және дамыту;
- ауыл мен қала инфрақұрылымына бюджеттік қаржыларды бөлу кезінде сәйкессіздікті жою жолымен босаған қызметкерлерді жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету.

## IV. БАСЫМДЫҚТАР

1. Аграрлық секторда нақты меншік иесін құру;
2. Нарықтық инфрақұрылым құру және нарықтық қатынастарды дамыту;
3. Салада орнықты қаржы-кредит жүйесін құру;
4. Ауыл шаруашылығындағы шектеулі қызмет аясында жаңа мемлекеттік саясат пен жаңа мықты басқару құрылымдары;
5. Өндірістің ірі инженерлік факторларын дамыту;
6. Салаға тікелей шетелдік және отандық инвестицияларды тарту;
7. Ірі сыртқы рыноктар мен жаңа халықаралық көліктік коммуникацияларды ашу;
8. Ауыл шаруашылығының өнімін терең ұқсату.

## V. СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ОНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ

Мемлекеттің стратегиясы мынада:

* реформаларды тездетіп аяқтау, саланы қаржылық сауықтыру және оны құрылымдық қайта құру, жедел экономикалық өсу үшін ірі инвестицияларды

тарту және ауыл шаруашылығы өндірісінің экспорттық әлеуетін арттыру;
* кедейлікке қарсы күрес және ауыл тұрғындарының жұмыспен қамтылуын арттыру жөнінде шұғыл шаралар қолдану.

Стратегия үш кезеңде жүзеге асырылады

* Бірінші кезең - 1998 - 2000 жылдардағы дайындық (реформаларды жедел аяқтау және кедейлікке қарсы күрес).

* Екінші кезең - 2001 - 2003 жылдардағы тұрақтанушылық (саланы қаржылық сауықтыру, оны құрылымдық қайта құру және босаған жұмыс күші үшін басқа салаларда жұмыс орындарын құру).

* Үшінші кезең - 2004 -2010 жылдары ауыл шаруашылығын орнықты дамыту (өндірістің жедел өсуі және экспорттық әлеуеттің артуы).

## 1-КЕЗЕҢ

МАҚСАТЫ: реформаларды жедел аяқтау және кедейлікке қарсы күрес

## БАСЫМДЫҚТАР:

* ауыл шаруашылығы секторында жекешелендіру процесін аяқтау және нақты меншік иесін құру;
* агроөнеркәсіп кешенінде бәсекелестік ортаны құру;
* ауыл шаруашылығы рыногында нарықтық қатынастардың бүкіл жүйесінің инфрақұрылымдарын құруға жәрдемдесу (басқару мен технологиялардың, өндірісшілердің кәсіптік бірлестіктерінің, ұқсатушылар мен өткізушілердің жаңа құрылымдары);
* ақпараттық қызмет көрсетулер мен маркетинг жүйелерін құру;
* агроөнеркәсіптік кешеннің қаржылық жүйесінің базасын құруды бастау;
* ауыл шаруашылығы саласына мемлекеттік инвестицияларды кеңейту;
* ауыл тұрғындарын микрокредиттеу.

## 2-КЕЗЕҢ

МАҚСАТЫ: саланы қаржылық сауықтыру, оның құрылымдық қайта құрылуы және босататын жұмыс күштері үшін басқа салаларда жұмыс орындарын құру

## БАСЫМДЫҚТАР:

* ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қаржылық тұрақтануы;
* агроөнеркәсіп кешенін қаржылық қамтамасыз ету жүйесінің түпкілікті

қалыптасуы;

* жұмыс орындарын құру мақсатында тікелей шетелдік инвестицияларды кең түрде тарту үшін құқықтық ұйымдастырушылық және экономикалық жағдайлардың түпкілікті қалыптасуы;

* ауыл шаруашылығының өндірісінде жеке меншік сектор рөлінің күшеюі;

* ауыл шаруашылығының бүкіл инфрақұрылымы үшін ақпараттық және маркетингтік қызметтерді қалыптастырудың аяқталуы;

* Үкіметтің займдарын тиімді игеру;

* аграрлық сектордың сыртқы рыноктарға кең ауқымды шығуы үшін талап етілетін іс-қимыл.

**3-КЕЗЕҢ**

МАҚСАТЫ: өндірістің жедел өсуі және экспорттық әлеуетті арттыру

**БАСЫМДЫҚТАРЫ**

* азық-түліктің экспорты үшін әлеуетті ірі рыноктарды ашу;

* ауыл шаруашылығы өнімінің экспортын ынталандыру және ұлғайту жөнінде шаралар әзірлеу;

* жүктерді тасымалдаудың көліктік проблемаларын шешу;

* мемлекет қолдайтын өндірістің инфрақұрылым салаларын жекешелендіру.

## VI. МЕМЛЕКЕТТІҢ РОЛІ

Мемлекет:

* рыноктың тең құқықты субъектісі болуы;

* өндірістің ірі инженерлік факторларын дамытуды (суландыру, ирригация, көлік және энергетика желілері және т.б.);

* ауылда әлеуметтік саланы дамытуы және ұстауы;

* бәсекелестікті қолдауы, ақпараттық қызмет көрсетулер және маркетинг жүйелерін дамытуы;

* ауыл шаруашылығы жерлерінің, экологияның мониторингін жүргізуі;

* табиғи зіл-залалардың, эпидемиологиялық және жануарлардың эпизоотикалық аурулары мен өсімдіктердің ауруларының алдын алуы және зардаптарын жоюы;

* тауарларды сыртқы рыноктарға шығаруы;

* саланы бағалық реттеуге жәрдемдесуі тиіс.

Мемлекет:

* шаруашылық жүргізуші субъектілердің шаруашылық қызметі мен нарықтық қатынастарына араласпауы;
* тікелей дотацияларды, субсидияларды жүзеге асырмауы;
* нарықтық күштердің іс-әрекетін бұрмаламауы;
* жеке меншік сектор тиімді жұмыс істейтін жерде жаңа мемлекеттік кәсіпорындар құрмауы (керісінше, жекешелендіру мен концессия арқылы оған мемлекеттік меншікті беруі) тиіс.

Мемлекет өзінің рөлін атқаруы үшін ауылға бюджеттік қаржының жалпы сомасының кемінде 12-15% бағыттайды.

1998 жылы - 1997 жылдың деңгейін сақтау керек.

Оның ішінде: ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау қоры арқылы конкурстық негізде 2,5 млрд. теңге қоса кредиттеу.

## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ

Мақсаты - ауыл шаруашылығын орнықты дамыту саясатын қалыптастыру мен жүргізуді және республиканың агроөнеркәсіп кешенінің барлық саласының тиімді жұмысы үшін жағдайлар жасауды қамтамасыз ету

ФУНКЦИЯЛАРЫ:

* ауыл шаруашылығы саясатын жасау;
- стратегиялық жоспарларды әзірлеу;
- басым мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу;
- заң актілерінің жобаларын әзірлеу;
- өндірілетін өнімнің сапасына, табиғат ресурстарының ұтымды пайдаланылуына мемлекеттік бақылау жасау.

* инвестициялық саясат пен халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;
* әлеуметтік-экономикалық реформаларды тереңдету және тиімді шаруашылық құрылымдарын қалыптастыруға жәрдемдесу;
* нарықтық инфрақұрылымдарды құруға жәрдемдесу;
* АӨК ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыру.

_______________________ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ
|Бақылау, ұйымдастыру, | (стратегияның бірінші кезеңін іске
|атқарушылық қамтамасыз| асыру уақытына)
|ету және кадр жұмысы |
|басқармасы (21) |
|_______________________|
|* Ұйымдастырушылық |---------МИНИСТР
|қамтамасыз ету және | |

|атқаруды бақылау |
|бөлімі | Вице-министр
|* Кадр бөлімі | |
|* Аппаратты қаржылан. | |
|дыру бөлімі | |
|* Қабылдау бөлмесі | |
|* Қосалқы қызметтер | |
|* Баспасөз орталығы | |
|______________________| |
|
___________________________|_____________________________
| | | | |
| | | | |
| ____________|__________ | _________|______________ |
| |Стратегиялық жоспарлау | | |Ауыл шаруашылығы өнді. | |
| |және әлеуметтік-эконо. | | |рісінің технологиялық | |
| |микалық мониторинг | | |саясаты департаменті | |
| |департаменті (18) | | |(37) | |
| |_______________________| | |________________________| |
| |* Стратегиялық жоспар. | | |* Егіншіліктегі техно. | |
| |лау бөлімі (4) | | |логиялық саясат | |
| |* Әлеуметтік-экономика.| | |басқармасы (9) | |
| |лық мониторинг | | |* Мал шаруашылығындағы | |
| |бөлімі (5) | | |технологиялар | |
| |* Заң жобалары актіле. | | |басқармасы (9) | |
| |рін әзірлеу бөлімі (4) | | |* Балық шаруашылығы | |
| |* Еңбек және кіріс | | |басқармасы (9) | |
| |дәлелдемесі бөлімі (4) | | |* Техникалық саясат және| |
| |_______________________| | | сервис басқармасы (9) | |
| | |________________________| |
| | |
| | |
| | |
_______|_______ ____________________|_____
_______________________|_
|Қаржы-кредит, ||Маркетинг, инвестициялар||Комитеттер (109)(заңды|
|салық саясаты ||және сыртқы байланыстар ||тұлғалар) 1. |
|және есеп ||департаменті (20) ||______________________|
|басқармасы (14)||________________________||* Мал дәрігерлігі |

|_______________||* Сыртқы байланыстар ||комитеті (16) |
|* Қаржы-кредит ||бөлімі (3) ||* Орман және аң шаруа.|
|саясаты бөлімі ||* Инвестициялық жобалар ||шылығы комитеті (22) |
|Салық саясаты ||бөлімі (4) ||* Жер ресурстарын |
|және есеп мето.||* Маркетинг бөлімі (4) ||басқару жөніндегі |
|дологиясы ||* Ақпараттық қызмет ||комитет (43) |
|бөлімі ||көрсету бөлімі (4) ||* Су ресурстары |
|_______________||* Ғылыми қамтамасыз ету ||жөніндегі комитет (28)|
| |және кадрлық даярлау ||______________________|
|бөлімі (4) |
|______________________|

Ескерту: Орталық аппарат саны: бұрынғысы - 120 қазіргісі - 112(қысқартылғаны 6%)

## VII. СТРАТЕГИЯНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ НҰСҚАСЫН НЕГІЗДЕУ

Ауыл шаруашылығын реформалаудың әлемдік практикасында дамушы елдерде мынадай екі нұсқа бар:

| Бірте-бірте | "Естен тандыру" |
|---|---|
| * әлеуметтік зардаптарға қарайлайтын | * әлеуметтік зардаптарды онша есепке алмай экономикалық тиімділік жағында саяси таңдауды жүзеге асырған |
| * жаңғыртуларды ұзақ мемлекеттік қолдау мүмкіншілікті мен үлкен экономикалық мүмкіншіліктердегі елдер үшін | * үлкен қаржы ресурстары мен уақыт тапшылығы бар елдер үшін |

Қазақстанның ауыл шаруашылығын "естен тандыру" нұсқасымен жеделдету бойынша жеделдете реформалау:

* ауыл шаруашылығын мемлекеттік қаржылық қолдау мүмкіншілігінің жоқтығына:

- ауыл шаруашылығының шығындарын өтеу мен қолдау үшін ғана жыл сайын кемінде 3-4 жыл бойы 1,0-1,2 млрд. АҚШ доллары талап етіледі;

* республиканың ауыл шаруашылығын "естен тандыру" нұсқасымен жеделдету бойынша реформалауға;

* ауыл тұрғындары санасында жеделдетілген жаңғыртулардың қажеттілігі және өзінің күшіне сену өзгерісіне қол жеткізуге;

* ауыл шаруашылығында жеке капиталға негізделген нарықтық қатынастардың негізін қалауына;

* салада көпшілік жағдайда жеке капиталға негізделген өндіріс пен жаңғыртуларға:

- 1996 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 3,2 млрд. теңге көлемінде мемлекеттік бюджеттік қаржы көзінде 312,8 млрд. теңге болды;

* саланы мемлекеттік қаржылық қолдау және олардың қоғамда макроэкономикалық тұрақтылыққа тез кері ықпал етуінен жеке капиталдың кету мүмкіндігімен талап етіледі.

## Стратегияны іске асырудың бірінші кезеңінде қаржыландырудың ұсынылатын көлемі

1. Ауыл шаруашылығында өндірісті қаржыландырудың қажетті жалпы көлемі жыл сайын 2,2 - 2,5 млрд. АҚШ долларын құрауы тиіс.

Олардың ішінен:

* мемлекеттік бюджеттен - 150 - 170 млн.АҚШ доллары, оның ішінде ХҚҰ займының;

* мемлекеттік емес көздерден - 2,0 - 2,2 млрд. АҚШ доллары есебінен.

2. Бұдан басқа бюджеттің басқа көздерінен мемлекеттік қаражаттың есебінен:

- ауыл жолдарының құрылысын салу;

- денсаулық сақтау және білім саласы;

- босаған жұмыс күшін жыл сайын бюджеттен және жұмыспен қамту қорының қаражатынан және ХҚҰ займының есебінен көлемі 20-25 млн. АҚШ долларымен микрокредиттеу;

- ауыл шаруашылығы ғылымы қаржыландырылуы тиіс.

3. "Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығын 2010 жылға дейін дамыту стратегиясын" іске асыру шараларын қаржыландыруды "Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығын 2010 жылға дейін дамыту стратегиясын іске асыру жөніндегі шаралардың кеңейтілген жоспарында" көзделген қаржыландыру көздеріне сәйкес жүзеге асыру қажет. Әрбір шараны қаржыландырудың нақты көлемін айқындау үшін тиісті ведомстволарды тарта отырып қосымша есептер жүргізу керек.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1997 жылғы
22 желтоқсандағы
N 1817 қаулысына
2 қосымша <*>

ЕСКЕРТУ. 2-қосымша өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.28. N 1369 қаулысымен .

**Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығын 2010 жылға дейін дамыту стратегиясын іске асыру жөніндегі шаралардың кеңейтілген жоспары 1 КЕЗЕҢ - Дайындық (1998-2000ж.ж.)**

Мақсаты: реформаларды жеделдете аяқтау және кедейлікке қарсы күрес

| | Басымдықтар | Орындау жөніндегі шаралар | Іс-қимыл |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Ауылда жекешелендіру процесін аяқтау және нақты меншік иесін құру: | | |
| | - жекешелендіруге жататын мемлекеттік кәсіпорындарды түпкілікті мемлекет иелігінен алуды жүргізу | Қабылданған заң және заң актілерін атқару | Жергілікті жерлерде іске асыру |
| | - реформаланған шаруашылықтарда жерді заттай бөлу процесін жалғастыру және бекіту | Қолданылып жүрген заңдарды атқару | Жергілікті жерлерде іске асыру |
| | - шаруашылық жүргізуші субъектілерді қайта тіркеуді жүргізу | Қолданылып жүрген заңдарды атқару | Жергілікті жерлерде іске асыру |
| | - дәрменсіз ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына банкроттық рәсімдерін қолдануды жеделдету | Рентабельді емес өндірістердің банкроттық процесін жүргізу | Банкроттықтың көзделген рәсімдеріне сәйкес |
| | | Банкротқа ұшыраған шаруашылықтар мен кәсіпорындардың қорларын фирмалар мен компанияларға, жеке | Ұсақ банкроттарды тікелей сату жөнінде аукциондар |

| | |адамдарға (кредиторлар.|
| | |ға, сатып алушыларға) |
| | |беруді жүзеге асыру |
| | | |
| | | |Банкроттардың
| | | |мүлкін кейін
| | | |сатып ала
| | | |отырып беруге
| | | |ашық тендер.
| | | |лер ұйымдас.
| | | |тыруы
| |- ауыл шаруашылығы |Ұзақ мерзімді жалға бе.|Шаруашылық.
| |қорларын ұзақ мерзімді |руді АӨК-ке менеджмент |тарға түген.
| |жалға беруді өндіру |және маркетинг тәжіри. |деу жүргізу
| | |бесін енгізуді ескере |және ұсыныс.
| | |отырып және жергілікті |тар әзірлеу,
| | |жұмыс күшін барынша |ауыл шаруа.
| | |тарта отырып жүзеге |шылығы өнді.
| | |асыру. |рушілерін
| | |Жалға: |және олардың
| | |- банкроттардың жерлері|бірлестікте.
| | |мен қорларын; |рін, инвес.
| | |- ауылшар өндірісі үшін|торларды кең
| | |мемлекеттік резерв |түрде тарту
| | |жерлерінің бір бөлігін;|
| | |- мемлекеттік меншік. |
| | |тегі кәсіпорындарды; |
| | |- акциялары қор рыно. |
| | |гында орналастырыл. |
| | |маған сервистік |
| | |кәсіпорындарды беру; |
| | |Орналастыруды: |
| | |- кейін сатып алатындай|
| | |етіп кәсіптік ұлттық |
| | |инвесторлардың арасында|
| | |- тіркелген шетел |
| | |фирмаларының арасында; |
| | |- агроөнеркәсіп фирма. |
| | |ларының, тауар өндіру. |

|  |                          |шілер ассоциацияларының|
|  |                          |және басқа да бірлес.  |
|  |                          |тіктердің арасында     |
|  |                          |жеңілдікті жағдайда    |
|  |                          |жүргізу                |
|  |                          |                       |
|  | - ауыл шаруашылығы       |Әлеуметті басқарушы    |Тиісті
|  |объектілерін, ұқсатушы    |компанияларды тарту    |ұсыныстарды
|  |кәсіпорындар мен олардың  |                       |әзірлеу және
|  |жиынын әкімшілік және     |                       |жүзеге асыру
|  |аумақтық бірліктер шегінде|                       |
|  |басқаруға беру практикасын|                       |
|  |кеңейту                   |                       |
|__|__________________________|_______________________|_____________
| 2|Агроөнеркәсіптік          |Жеке астық компанияла. |"Мемлекеттік
|  |кешенде бәсекелестік аясын|рын тарта отырыпмемле. |сатып алу
|  |құру                      |кеттік және аймақтық   |туралы" Заңға
|  |                          |мұқтаждықтар үшін      |өзгерістер
|  |                          |астықты сатып алу және |мен толықты.
|  |                          |сату тетігін реформалау|рулар енгізу
|  |                          |                       |туралы" Заң
|  |                          |жобасы                 |             |
|  |                          |Ауыл шаруашылығын      |Үкіметтің
|  |                          |қолдау қоры арқылы ауыл|қаулысы
|  |                          |шаруашылығын қайтарым. |
|  |                          |сыз дотациялау жүйесі. |
|  |                          |нің күшін жою және     |
|  |                          |аталған қаражатты ауыл |
|  |                          |шаруашылығы компания.  |
|  |                          |ларына екінші деңгей.  |
|  |                          |дегі банктер арқылы    |
|  |                          |тендерлік негізде      |
|  |                          |мемлекеттік кредиттер  |
|  |                          |беру үшін жинақтау     |
|  |                          |                       |
|  |                          |ХҚҰ займдарын ауыл     |Үкіметтің
|  |                          |шаруашылығы жобаларын  |АДБ және
|  |                          |тікелей қаржыландыруға |ДКДБ-ның
|  |                          |қайта бағдарлау.       |болашақтағы

|  |                              |Жобаларды іріктеу және |займдардың
|  |                              |оларды жүзеге асыру    |игеру туралы
|  |                              |кезінде делдал фирма.  |қаулысы
|  |                              |лардың қатысуын        |
|  |                              |болдырмау. Ауылшарми.  |
|  |                              |нінің АДБ және ДҚДБ    |
|  |                              |займы бойынша құндық,  |
|  |                              |салалық және аумақтық  |
|  |                              |шектеулерінің күшін    |
|  |                              |жою. Займдарды жүзеге  |
